

Тексерілді: Ж.Аяшова

Білім саласы: «Таным»

ҰОҚ: Математика негіздері

Тақырыбы: «Шаршы, шеңбер, үшбұрыш»

Мақсаты:

Білімділігі: Таңертең (таң)-тәулік бөлігімен таныстыру. Балаларда геометриялық фигуралар туралы түсініктерді қалыптастыру.

Дамытушылығы: Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) салыстыру. Балаларға қоршаған ортадан басқа геометриялық фигураларға сәйкес келетін заттарды табуға, салыстыруға үйрету. сезім қозғалыс түйсігі және көру жады арқылы заттарды зерттеудің тәсілдерін дамыту.

Тәрбиелігі: Қызығушылыққа, байқағыштыққа, тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, көресту, Д/ойын: «Суреттерді пішініне қарай топтастыру», «Суреттерді құрастыр», ғажайып сәт, түсіндіру, жұмбақ жасыру т.б

Көрнекілігі: Ойынға керекті суреттер, үлестірмелі материалдар

Жүру барысы:

Шаттық шеңбер:

Шеңбер болып тұрайық,

Алақанды ашайық

Таза ауаны жұтайық,

Жүрекке жылуық сыйлайық

Жиналған жылы шуақты,

Қонақтарға шашайық.

Қайырлы таң балалар!

Қайырлы таң апай!

Балаларды үш топқа орындарына отырығызып, ойыншықтарды салыстыру арқылы үлкен-кіші ұғымдарын, тәулік бөліктерін еске түсіріп пысықтау.

-Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Жұмбақтар:

1. Атына сай балалар,

Үш бұрыш, үш жағы бар.

Ол пішінді кім табар?



Үшбұрыш

2. Төрт бұрышы бар,

Төрт қабырғасы бар

Бұл қай пішін?



Шаршы

3. Допқа өзі ұқсайды

Ерекше бір пішін бар

Атын оның атаңдар.



Шеңбер

-Балалар дұрыс айтасындар, бүгін біз үшбұрыш, шаршы, шеңбер туралы толық мағұлмат алатын боламыз.

-Балалар Үшбұрышқа нелерге ұқсайды?

- Шаршыға нелерге ұқсайды?
- Шеңберге нелер ұқсайды?
- Дұрыс балалар.

Ғажайып сәт: Ішке Сайқымазақ келеді. Қорапша алып келіп, ішіндегі тапсырмалар береді.



-Балалар сайқымазақ бізге көп тапсырма алып келіпті.

1-ші тапсырма Дойын: «Суреттерді пішініне қарай топтастыру»

Балаларға үш топқа үлестірмелі материалдарды беріп, тапсырманы орындату.

(Балалар тапсырманы орындайды)

-Балалар сайқымазақты ортаға алып сергіп алайық.

Сергіту сәті: Құстарға ұя жасайық.

Үстіне қойып үшбұрыш

Әдемі үйшік болсын деп

Астына қойдым төртбұрыш.

Құс келіп, қонса деп

Дөңгелек қойдым ортаға. (балалар қимылмен сергітуді орындайды)



-Жарайсыңдар балалар. Әрі қарай сайқымазақтың 2-ші тапсырасын орындайы

2-ші тапсырма: Дойын: «Суреттерді құрастыр.»

1-топ петр қиындысынан Гүлді құрастыру.

2-топ Шыршаны құрастыру.

3-топ Үйді құрастыру.

(Балалар тапсырманы қызығушылықпен орындайды)



-Жарайсыңдар балалар біз сайқымазақтың барлық тапсырмасын орындадық.

(Сайқымазақ балалармен қоштасып рахметін айтып кетеді)

Оқу қызметті қортындылау:

-Балалар бізге кім келді?

-Біз қандай пішіндер туралы білдік?


-Дұрыс, өте жақсы. Балалар барлығыңда оқу қызметке жақсы қатысып, ойындарды жақсы ойнадыңдар.

Балалар осымен оқу қызметіміз аяқталды.

Білім саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызмет:Математика негіздері

Тақырыбы: «Шаршы,шеңбер,үшбұрыш»



Ортаңғы «Күншуақ»тобы

Тәрбиеші:Садықова.Г.Ұ

